



Бекітілді:
«Мариям А» бөбекжайы
меңгерушісі А.Е.Мергенбаева
29.08.2024 жылы
бөбекжайдың №1 педагогикалық
кеңесінің хаттамасы
бойынша келісілді

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайының
2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбие жұмысын
ұйымдастыруға арналған жылдық жоспары

Жылдық міндеттерді жоспарлау

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжай туралы мәлімет

Атауы: ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжай

Мекен – жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы Күлтегін 36/1

Электрондық мекен-жайы:

Веб-сайт:

Меңгеруші: А.Е.Мергенбаева

Жұмыс кестесі: Аптасына 5 күн. Сағат 08.00. нан 18.00 –ге дейін.

Топтар саны: 3 топ.

Оқыту тілі: Қазақ тілі

Жобалық қуаттылығы: 48 бала

Ғимарат түрі: 2 қабатты

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

2024-2025 оқу жылы бойынша педагогтердің сапалық құрамы артып, мынадай көрсеткішке ие болды.

Олардың педагог-зерттеуші-0; педагог-сарапшы-0; педагог-модератор-4: Олардың ішінде жоғарғы білімді маман – 3, арнаулы орта білімді маман – 5.

2024–2025 оқу жылында 8 педагог, олардың 1 меңгеруші- әдіскер, 1 психолог\қоса атқарушы\, 1 қазақ тілі мұғалімі \қоса атқарушы\, 1 музыка жетекшісі, 4 тәрбиеші санаты жоқ – 4 педагог

2024-2025 оқу жылындағы меңгеруші мен әдіскерді қосқандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтар үлесі:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	жоғары оқу орнын бітірген	Арнаулы орта	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бар
2023–2024 оқу жылы	8	3/ 38%	5/ 62%	5/ 100% 4 тәрбиеші+ 1 әдіскер, директор

Оқу жылдары	Тәрбиешілер саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтар	жоғары оқу орнын бітірген	Арнаулы орта
2024–2025 оқу жылы	4	4\100%	1	4

2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды есеп

Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топтарға орналастыру 2023-2024 оқу жылы мемлекеттік тілде 7 топ жасақталды. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшаның 25 тармағына «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында (бір жас тобында- 1 жыл) негізделіп жасақталған. Оқыту мерзімдері мен жас кезеңдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт» 4-тарау. «Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар» 25 тармағының талаптарына сәйкес келеді.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталды:

Ерте жас тобы –0 (1 жастағы балалар) жоқ.

Кіші топтар-1(2 жастағы балалар) «Еркем-ай»,

Ортаңғы топтар-1 (3 жастағы балалар) «Құлыншақ»

Ересек топтар-1 (4 жастағы балалар) «Айгөлек».

2023-2024 оқу жылының басында тәрбиеленген бала саны – 48, оқу жылының соңында 48 соның ішінде ұлты- қазақ өзге ұлт өкілі- жоқ.

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызмет- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт» 4-тарау. «Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар» 25 тармағының талаптарына сәйкес құрылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30183 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып экологиялық тәрбие, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыру қарастырылды.

2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту жұмысында алынған жылдық міндеттер:

Міндеттер сипаты	Күтілетін нәтиже
------------------	------------------

- Ойын арқылы оқытуда мектепке дейінгі балалардың ой-қабілеттерін, танымдық сезімдерін, балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту	балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдісін дамыту, қиялдарын ұштау, тапқырлыққа жетелеу - Адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру. - Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытып тәрбиелеу
---	---

Денсаулық пен салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары

Бөбекжайда қойылған міндеттерді орындау мақсатында жоспарлы түрде жұмыс жасалды.

Бөбекжайда алдыға қойған мақсатымыз: бала денсаулығы деңгейін нығайту және көтеру, тәрбиешілерді, ата-аналарды және тәрбиеленуші бүлдіршіндерді дене шынықтыру мен салауатты өмір салтына тарту.

Негізгі міндеттеріміз:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлу;
- Қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне байланысты қалыптастыру;
- Ептілік, тепе-теңдік, жылдамдық, икемділік, күштілік, қимыл коорданацияларын, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту;
- Ата-аналармен ынтымақтастық орнату;
- Дене және психикалық дамуын қамтамасыз ету.

Осы қойылған міндеттерді табысты шешу тек дене тәрбиесінің барлық құралдарын кешенді пайдаланған кезде ғана мүмкіндік болмақ. Және де дені сау бала тәрбиелеу үшін, жұмысты төмендегі бағыт бойынша атқарып отырдық:

- Балалардың дене дамуы және ауруын азайту үшін жағдай жасау;
- Нұсқаушымен тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігі мен іскерлік біліктілігін арттыру;
- Медбикемен бірлесіп, дене шынықтыру-сауықтыру міндеттерін кешенді шешу;
- Жаңа көзқарастар мен технологияларды пайдалану;
- Бөбекжай мен отбасының бірлескен жұмысы.

Бөбекжайдың негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Бөбекжайда дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық-мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды-құрал жабдықтармен жабдықталған. Жоспарға сай әр түрлі шаралар ұйымдастырылып, оған топ балалары, ата-аналар, ұжым қызметкерлері белсенділік танытып барлық ойын-сауықтарға қатысты.

Таңертеңгі жаттығуды орындау уақыты бекітіліп, кестеге сай жүргізіледі. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті мен таңғы жаттығуларға денсаулыққа тікелей байланысты болғандықтан әр топ тәрбиеленушілері мен тәрбиешілерде арнайы формамен қатысады. Жалпы дамыту жаттығулар үшін жалаушалар, әр түрлі көлемдегі доптар, кегелдер, секіргіштер, гимнастикалық таяқшалар, ленталар, гантельдер, жалаушалар пайдаланылады.

Жыл басынан жылдық жоспар құрылып, әртүрлі ойын-сауықтар, ұйымдастырылған іс-әрекеті, денсаулық күндері, мерекелік іс-шаралар, ұлттық ойындар, денсаулық апталығы ұйымдастырылды.

Бөбекжайда ұйымдастырылған педагогикалық кеңесте «Дене шынықтыру іс-әрекетіне ұлттық ойын түрлерін қолдану» атты тақырыпта баяндама оқылып, шеберлік сыныптары көрсетілді. Әртүрлі тақырыпта «Әкем және мен» ұлттық ойындар сайысы», «Дәрумендер мен денсаулық», «Спорт- денсаулық кепілі», «Ұлттық ойын-ұрпақ тәрбиесінде» т.б бөбекжайда ата-аналармен бірлескен сайыстар оздырылып, баланың денсаулығын жақсарту, спорттық ойынға деген қызығушылығын ояту, балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтып, дені сау азамат болуына, дене, аяқ-қол бұлшық еттерін шынықтыру, спортты сүйуге тәрбиелеу мақсатында жұмыстандық. Балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайтуға бағытталған жұмыстар біздің тәрбиеленушілеріміздің ата-аналарының көмегінсіз күтілетін нәтиже алуға болмайды, сондықтан да ата-аналарды қатыстыру арқылы әр түрлі жұмыстар жүргізіледі: ашық есік күндері, спорттық мерекелер, денсаулық күндері, ата-аналардың қатысуымен ойын-сауықтар. Әрбір топтарда ата-аналарға арналған денсаулық бұрыштары безендірілген сонымен қатар «Жұқпалы аурулардың зияны», «Ас адамның арқауы» атты тақырыптарда медбикемен бірлесе отырып әр топтармен ата-аналарға арналған кеңестер беріліп отырды. Тәрбиеленуші балалар үнемі медбикенің бақылауында. Бала ағзасының мүмкіндіктерін арттыра түсу үшін, күн жылы кездерінде дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті таза ауада өткізіледі. Таза ауадағы дене шынықтыру балалардың тек қана денесін шынықтырып емес, сондай-ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Спорттық, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балалардың төзімділікке, қайратты, шымыр болуға тәрбиелейміз.

Таза ауадағы дене шынықтыруды өткізу үшін спорт алаңында әртүрлі өрмелеуге арналған баспалдақтар, жаттығуға арналған орындық, кедергілер бар. Егерде бір жері қатты ауыратын немесе ауруханада тіркеуде тұрған бала болса, жеңіл қимылды ойындар ойнайды. Сауықтыру шараларына медбике жиі қатысып, тексеріліп тұрады. Балалардың өсіп-жетілуіне, олардың денсаулығын шынықтыру шаралары көктемнен бастап ертеңгілік жаттығулардың таза ауада өткізуден басталды. Балабақша дене шынықтыру кезінде бала дұрыс қозғалыста болуы үшін жыл мезгілдеріне сай киіндіруге, демалыс күндерінде де үйге жаттығулар жасауды әдетке айналдыруда, ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктерге, түрлі спорттық ойындарға ата-аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуын ынтымақтаса жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесі деп білеміз.

Кіші топтарда қабылданған балалардың бейімделу қорытындысы

№	тобы	Қабылданған бала саны	Жеңіл үйрену деңгейі		Орташа үйрену деңгейі		Ауыр үйрену деңгейі	
1	Еркем-ай	20	14	70%	6	30%	0	0

Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс

Бөбекжай мен ата-ана байланысын нығайту, отбасы жағдайында жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу, балалармен бірлескен шығармашылық іс-әрекет түрлеріне қатысу барысында ата-аналармен ынтымақтастық негіздері арта түсті. Бөбекжай әкелері, ұмытылып бара жатқан ұлттық асық ойындарын қайта жаңғырту, заманауи үлгіде бала танымын арттыруға арналған ойындар топтамасын жасауға өз үлестерін қосты. Ашық есік

күндері ата-аналар белсене қатысып, күнұзаққа балабақша тынысымен танысты, ұйымдастырылған ертеңгілік жаттығудан бастап ұйымдастырылған іс-әрекет және түрлі шараларға "Бестемше" ұлттық ойыны, спорттық жарыстар, «Құстарға қамқорлық», «Қар қалашығы», «Таза қала» акциясы аясында белсенділік танытты. ҚР Тәуелсіздігіне орай, «Қайырымды істер» марафоны жалпыұлттық жобасы аясында, Наурыз айында атқарылған іс-шаралар: Жерді қорғау күні «Таза өлке» шарасы бойынша тұрмыстық қалдық заттарды сұрыптауда балалармен түсінік жұмыстары жүргізілді.

Нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>;
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>;
8. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>;
9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>;
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
11. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>;
12. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>;
13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>;
14. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750> ;
15. Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>;
16. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584> ;
17. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618>;
18. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>;

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1.Біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспары

№	Аты-жөні, тегі	2021	2022	2023	2024	2025
1	Мергенбаева Айсауле Ержанқызы					+
2	Жангалиева Гульмира Абаевна				+	
3	Кожанова Анаргүл Амангелдиевна					+
4	Бимуханова Гульмира Болатовна					+
5	Кеңес Жұлдыз Қасымқызы					+
6	Шонаева Әсемгүл Саматқызы					+
7	Есниязова Айнагуль Ербулатовна					+
8	Сыдықова Гүлнұр Нурболатқызы				+	

1.2.Аттестаттауға дайындық және аттестаттау

№	Жұмыс мазмұны	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауапты
Ұйымдастырушылық саты				
1	Ағымдағы оқу жылы жоспары бойынша аттестациядан өтетін педагогикалық қызметкерлердің тізімін жасақтау	Бұйрық, құжаттар жинақтамасымен аттестатталатын педагогтарды таныстыру. аттестациядан өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту,	1 қыркүйекке дейін	Бөбекжай Меңгерушілері педагогтар
2	АК отырысы, аттестатталушы педагогтардың қатысуымен.	Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі және шарттарымен таныстыру. Аттестатталушы педагогтардың жеке портфолиоарын жасақтау бойынша кеңес беру.	Қыркүйек	АК, Аттестат талушы педагогтар
3	АК қызметін жоспарлау	АК жұмыс жоспары	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
4	Іс-тәжірибені қорыту	Шығармашылық іс-тәжірибесін таратуға және қорытуға ұсынған педагогтардың әдістемелік құралдарын талдау және қалалық білім беру бөліміне ұсыну	Педагогтердің талапта рына сәйкес	АК, Аттестатталушы педагогтар
5	Аттестатталушы педагогтарға арналған	«Педагог портфолиосын» жасау	15 мамырға және 15 қараша ға дейін	Әдіскер, аттестат талушы

	кеңестер, жеке педагогикалық қызметті талдау			педагогтар
Аттестаттауды жүргізу және талдау				
1	Аттестатталушы педагогтардың қызметін зерттеу, портфолиосын бағалау	жұмыс тәжірибелерінің электронды нұсқалары, әдістемелік жинақ, көрнекіліктер, портфолиолары	15 мамыр-15 маусым, 15 қараша-15 желтоқсан	Сараптамалық кеңес мүшелері
2	АК отырысы	Жұмыстары мен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін талдау, мінездеме беру, портфолионы қарау, біліктілік санатын беру, растау туралы шешім, бұйрық шығару және куәліктерді беру	I кезең 15 шілдеге және II кезең 25 желтоқсанға дейін	АК төрайымы және мүшелері,
3	2024-2025 оқу жылына аттестатталуға өтініш беру	Аттестациядан өтетін педагогикалық қызметкерге өтініш жазғанда жеке кеңес беру, құжаттар жинағы. Аттестатталушылардың 2024-2025 оқу жылының өтінішін қабылдау және оны тіркеу	2024 жылғы 25 желтоқсанға дейін	әдіскер Аттестатталушы педагогтар

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу (ПА)

№	Аты-жөні, тегі	2021	2022	2023	2024	2025
1	Мергенбаева Айсауле Ержанқызы				+	
2	Жангалиева Гульмира Абаевна					+
3	Кожанова Анаргул Амангелдиевна			+		
4	Бимуханова Гульмира Болатовна			+		
5	Кеңес Жұлдыз Қасымқызы					+
6	Шонаева Әсемгүл Саматқызы				+	
7	Есниязова Айнагуль Ербулатовна					+
8	Сыдықова Гүлнұр Нурболатқызы					+

1.3 Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т.б. баруы

1.4 Педагогтердің өз білімін жетілдіруі

Педагогтерге өз білімдерін жетілдіру бойынша қажеттіліктері мен сұраныстарына қарай ақпараттар мен ұсыныстар беру. Интернет желісін, платформалар мен республикалық чаттар, телеграмм, ватсап, фейзбук қосымшаларындағы өз мамандықтарына қатысты топтармен жұмыстануды ұсыну.

№	Педагогтардың аты-жөні	Өз бетімен білімін көтеру тақырыбы
1	Мергенбаева Айсауле Ержанқызы	«Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі маңыздылығы»
2	Жангалиева Гүлмира Абаевна	«Отбасымен жұмысты ұйымдастыру барысында ата – аналардың психологиялық күзіреттілігін арттыру»
3	Кожанова Анаргул Амангелдиевна	Шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамын дамытудың бірден бір құралы»
4	Бимуханова Гүлмира Болатовна	«Қазақ тілін үйретудің тиімді жолдары»
5	Есниязова Айнагуль Ербулатовна	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың дәстүрден тыс сурет салу техникасын дамыту»
6	Шонаева Әсемгүл Саматқызы	«Денсаулық үшін ойна»
7	Сыдықова Гүлнұр Нурболатқызы	«Қоршаған орта және бала»
8	Кеңес Жұлдыз Қасымқызы	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арт-терапияны қолдану ерекшеліктері»

II. Педагогикалық-ұйымдастырушылық-жұмыс

Әр түрлі жұмыс нысандары мен әдістерін қолдана отырып, педагогтерге әдістемелік көмек көрсету:

2.1 Шығармашылық топтардың жұмысы

Семинарлар мен шеберлік сыныптар, педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау т.б. сұрақтар мен сұраныстарға қарай педагогтерге көмек, кеңес берудегі жұмыстар.

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Шығармашылық топ құрамын бекіту, бұйрықпен таныстыру, жоспар құру.	директор жанындағы жиналыс	тамыз, 2024 ж	менгерушісі А.Е.Мергенбаева
2	Топтардың заттық дамытушы ортасын бала жасына сай жасақтау	кеңес	қыркүйек	шығармашылық топ
3	«Бала денсаулығы – ұлт құндылығы»	ұсыныстар мен бақылаулар қалалық	қазан	шығармашылық топ

		семинарға дайындық		
4	Кіріктірілген іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыру	кеңестер мен ұсыныстар	қараша	шығармашылық топ
5	«Ата-аналармен жұмыстарды заман талабына сай ұйымдастыру»	дөңгелек үстелдегі пікірталас	желтоқсан	шығармашылық топ
6	«Қысқы қызықты ойындар»	Бақылау, кеңес беру	қаңтар	шығармашылық топ
7	«Аталар, әжелер, әкелер мен аналар мектебінің жұмыстарының ұйымдастырылуы»	Іс-тәжірибелік семинар	ақпан	шығармашылық топ
8	«Ұлттық ойын-ұлттық тәрбие бастауы»	Іс-тәжірибелік семинар	наурыз	шығармашылық топ
9	«Еңбекке баулу балабақшадан бастау алады»	Отбасымен жұмыс	сәуір	шығармашылық топ
10	Қорытынды кешенді іс-әрекеттер мен жазғы сауықтыру жұмыстары	Дөңгелек үстел	мамыр	шығармашылық топ

2.2 Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: бағдарламалық міндеттерді меңгеру бойынша оқу-тәрбие әрекетін жақсартуға мүмкіндік жасау.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі» Мақсаты: 2024-2025 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, Биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тыңдау. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.		
1	-Топтардың 2024-2025 оқу жылына дайындығы, күн тәртібі, жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттермен таныстыру, бекіту. 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттермен таныстыру, бекіту. -Жағы сауықтыру-шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылау. -Аттестатау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімін талқылау. -Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау. - «Біртұтас тәрбие бағдарламасы:	тамыз	Меңгеруші Әдіскер МдҰ педагогтары

	жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмімен» ақпараттық түсіндіру.		
2	2024-2025 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативті-құқықтық құжаттар туралы толық түсіндіру		
3.	Бекіту: -Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бекіту. -Топтардың перспективалық жылдық жоспары. -пән бойынша жылдық перспективалық жоспарлар Аттестаттау ережесімен таныстыру, педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес ережесімен, комиссияның құрамымен таныстыру. «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру. Жас мамандарға тәлімгер бекіту. Педкеңес шешімі.		
2	Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері» Мақсаты: салауатты өмір салтын дамытуда қимыл-қозғалысқа арналған жаттығу түрлерін тиімді ұйымдастыру. 1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістерді қолдану» әдістемелік кеңес -«Алдар көсенің қызықты тапсырмалары» спорттық іс шара -«Чемпион гномдар» денсаулық шарасы. -«Бар жақсылық балаларға» отбасымен жұмыс 3. «Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру» тақырыптық бақылауының қорытындысы . 4.«Ұлттық ойындарды бала жасына сай таңдау және ұйымдастыру» педагогикалық шеберлік- кеңес Педкеңес шешімі.	қараша	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары Тәрбиеші Тәрбиешілер, пән мұғалімдері
3	Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру» Мақсаты: қазақстандық мәдениет	қаңтар	Меңгеруші, әдіскер. МдҰ

	құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. 1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы» презентация қорғау» «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ҰОІӘ «Отбасы- тәрбие ұясы» шара «Дос іздеген бота» сахналық қойылым Педкеңес шешімі.		педагогтары Тәрбиеші
4	Тақырыбы: "Кәсіби шеберлер» іскерлік ойын Мақсаты: Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру, шығармашылық әлеуетін шыңдау және еңбегін ынталандыру. Озық педагогикалық тәжірибелерді ортаға салу және заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеру. 1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы - «Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квес ойыны - «Музыкалық ринг» фестиваль - «Жаңа формация педагогі» жәрмеңке «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» кеңес	наурыз	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары Тәрбиеші Музыка жетекшісі Әдіскер
5	Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылы жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы. Мақсаты: мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. 1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. "Біздің жетістіктеріміз туралы" 3. "Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдағы жетістіктері туралы" 4. «Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбие мен тәрбие үдерісіне өзіндік талдау» 5. "Сиқырлы чемодан іздеуде" педагогтерді	мамыр	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары.

	психологиялық тренинг 6. «Жаз, сәлем!» жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын, оқу кестесін, күн тәртібін бекіту», 7. 2025-2026 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту. 8. 2024-2025 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі "Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны бекіту, толықтырулар.		
--	---	--	--

Әдістемелік кеңестер (ӘК)

Мақсаты: педагог, мамандармен бірлесе отыра жұмыс жүргізу,

Р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. 2024-2025 оқу жылында қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	қыркүйек	Әдіскер
2	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы "Баланың белсенділігі-оның денсаулығы» әдістемелік кеңес	ақпан	Әдіскер
3	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. - «Ойын - тәрбие мен білім құралы» - Тақырыптық бақылау. «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі» - «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерінің ұйымдастырудың маңыздылығы» әдістемелік кеңес - Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау	сәуір	Әдіскер

2.4 Заттық – кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру

№	Мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1	Бөбекжайдың ішкі және сыртқы алаңдарын жабдықтау, жаңарту	меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі	қыркүйек
2	Топтардағы дамытушы ортаны толықтыру, жаңарту.	тәрбиеші әдіскер	жыл бойы

2.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау

2.6 Кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу

№	Тақырыбы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Бір тұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру қадамдары	қыркүйек, әдістемелік кеңес	Менгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер, пән мұғалімдері
2	«Ұлттық ойындарды бала жасына сай таңдау және ұйымдастырудағы педагогикалық шеберлік»	қараша, пед кеңес	
3	"Баланың белсенділігі-оның денсаулығы	ақпан, Әдістемелік кеңес	
4	«Бір тұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы»	қаңтар, Пед кеңес	
5	«Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерінің ұйымдастырудың маңыздылығы»	сәуір, әдістемелік кеңес	

2.9 Ашық есік күніне қатысу

Мерзімі	Қатысушылар	Жұмыс түрлері	Жауаптылар
Қараша Қаңтар Мамыр	Тәрбиеленушілердің заңды өкілдері	Күн тәртібіне сай таңғы қабылдаудан бастап жоспарланған жұмыстардың барлығы ұйымдастырылады. Ата-аналарға күннің кез келген уақытында келіп қатысуға болатыны ескертілген хабарлама беріледі.	Менгеруші, әдіскер, барлық мамандар мен педагогтар

2.10 Шеберлік сыныптары

Мерзімі	Тақырыбы	Жауаптылар
Қараша Қаңтар Наурыз	«Бала тәрбиесіндегі заманауи ойындар» «Кіріктірілген іс-әрекеттерді құрастыруда нені басшылыққа алу керек?» «Экологиялық білім беру және мәдениет»	Менгеруші, әдіскер, барлық мамандар мен педагогтар

2.11. Жас мамандармен жұмыс

Жас мамандармен жұмыс (ЖМЖ)

Мақсаты: Жас мамандардың педагогикалық тәжірибелік білімдерін жетілдіру, қазіргі білім беру талабына сай педагогтарға бағыт-бағдар беру, мамандыққа деген қызығушылығын, жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері:

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;
- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;
- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту.

Р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Қаралатын жері
1	1. Мамандардың тізімін құру.	Тамыз	Менгеруші А.Е.Мергенбаева	Әдістемелік кеңесте

	2.Күн тәртібінің ұйымдастырылуы және жоспар жазу тәртібі (ұзақ мерзімді, циклограмма) Кеңес 3.Сауалнама: «Жас маманның бейімделу проблемасы» 4.Психологиялық тренинг: «Бөбекжайдың ережесін білесің бе?»			
2	1.«Балабақшадағы жас мамандарға көмек» 2. Тәлімгердің оқу іс-әрекеттеріне қатысып тәжірибе алу. 3. Тренинг: «Менде сіздей боламын»	Қазан	Әдіскер А.Е.Мергенбаева	Әдістемелік кеңесте
2	Ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданылатын әдіс-тәсілдер.	Қаңтар	Әдіскер А.Е.Мергенбаева Тәлімгерлер	Әдістемелік кеңесте
4	1.МДҰ-дағы ата-аналар жиналысын дайындау және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар мен талаптар 2.Тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен ұжымдық жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Шешу жолдары. «Ата-ана жанжалдары және тәрбиеші» Тәлімгердің кеңестері 3.Тренинг: «Ата-аналардың бөбекжайда баланы тәрбиелеуге қарым-қатынасының конструктивті емес түрлері»	Наурыз	Әдіскер А.Е.Мергенбаева	Оқу қызметтері, талдау
5	1.Жас тәрбиешілердің жұмысын қорытындылау 2.Әрбір жас маманға тәлімгердің жылдық есебін қорытындылау 3. Тренинг	Мамыр	Әдіскер А.Е.Мергенбаева Психолог Г.А.Жангалиева Тәлімгерлер	Көңілді алаң

**2.12 Инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу
2024-2025 оқу жылына жоспарланған қалалық эксперимент алаңының
жұмыс жоспары**

№	Эксперимент бойынша жұмыс түрлері	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Дайындық кезеңі				
1	«Денсаулық сақтау технологиясы » әдістемесі бойынша ойын құралдарымен толықтыру	Балаларды дамытуға арналған заттық – кеңестік ортаны толықтыру	Жыл бойы	Директор, әдіскер
2	Тәрбиешілердің оқу – тәрбие жұмысының жылдық жұмысының жоспарын талқылау, бекіту	Жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Директор, әдіскер
3	Алғашқы кезеңге балаларды бақылау, мониторинг жүргізу, даму көрсеткішін көрсету	Балалардың даму деңгейін анықтау	Оқу жылы басында, ортасында (аралық)	Әдіскер , тәрбиешілер
Практикалық кезең				
1	«Т.В.Нестерюктің авторлық кешен ойынрамен танысу. «Скульптур», «Кішкентай сиқыршылар гимнастикасы»	Педагогтармен жұмыстану	Қараша	Әдіскерлер, тәрбиешілер
2	«Көлденең пластикалық балет» Балалармен жұмыстанудың жаңа түрі.	Балалардың ағзасын жетілдіруге жәрдемдесу. Денесін дұрыс мүсіндеуге үйрету.	Желтоқсан	Әдіскер , тәрбиешілер
3	1.Стрельникованың тыныс алу жаттығуларының кешендері. 2.Емдейтін ойын түрлері.	Педагогтармен және балалармен жұмыстану	Қаңтар	Директор, әдіскер
4	Дайындық жаттығулар топтамасын дайындау	Ата – анамен жұмыс	Ақпан	

Қорытынды кезеңі				
1	КПБ. «Көктемгі көңіл күй» түзету жаттығулары. «Ұйқыдағы гүл», «Оянған гүл», «Жапырақ бүршік жарды» «Құмырсқалар».	Аймақтар бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерін білім беру салаларымен бастастыра отырып ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері	Наурыз	Әдіскер , тәрбиешілер
2	«Денсаулықты сақта педагогикалық технологиялар»	Шеберлік сынып.	Сәуір	Директор, әдіскерлер
3	Бала денсаулығын нығайту қазіргі заманның талабы.	Онлайн	Сәуір	Директор Әдіскер Педагог
4	Жылдық және қорытынды зерттеу жұмыстарының мониторингін шығару	Балалардың даму деңгейін анықтау	Мамыр	Әдіскер , тәрбиешілер
5	Тәжірибе алаңы бойынша 3 жылдың қорытынды есебі	Қорытынды есеп	Мамыр	Әдіскер

2.14 Әдістемелік кабинеттерді жабдықтау және материалдармен толықтыру.

№	Тақырыбы	Жұмыс түрі	Жауаптылар	Уақыты, өтетін орны
1	Барлық топтардың ҰОІӘ кестелерін, күн тәртібі кестесін, жылдық жоспары	әдістемелік кеңес	меңгеруші әдіскерлер	тамыз
2	Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобына, циклограмманың құрылымы МДҰ-ның күн тәртібіне сәйкес құрылуы			Жыл бойы
3	Дамытушы орта құруға ұсынымдар, кітап хорын толықтыру	әдістемелік кеңес	меңгеруші әдіскерлер	жыл бойы

2.15. Тәрбие жұмысы. Тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсияла, дене шынықтыр іс-шаралары және т.б.)

Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын қорғау жұмыстары.

Мақсаты: медициналық-педагогикалық бақылауды, балалардың дене дамуын жетілдіру, денсаулығын нығайту және өмірін қорғау жұмыстарын жандандыру.

I.Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

1.Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар санаты	Мерзімі	Жауапты
1	«Шынықсаң шымыр боларсың»	Спорттық жарыс	«Құлыншақ», «Айгөлек» топтары	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері
2	«Аяздан қорықпаймыз»	Эстафеталық жарыс	«Құлыншақ», «Құлыншақ» топтары	Қаңтар айы	Топ тәрбиешілері

2.Денсаулық күндері(ДК)

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар санаты	Мерзімі	Жауапты
1	«Деніңнің сау болғаны өзінді сыйлағаның»	Жарыс	«Құлыншақ», «Айгөлек» топтары	қыркүйек	Топ тәрбиешілері.
					Топ тәрбиешілері
2	«Шана жарысы»	Эстафеталық ойындар	«Құлыншақ», «Айгөлек» топтары	қыркүйек	Топ тәрбиешілері
					Топ тәрбиешілері
3	«Шымыр болсын денеміз»	Жарыс	«Құлыншақ», «Айгөлек» топтары	сәуір	Топ тәрбиешілері
					Топ тәрбиешілері

3.Дене шынықтыру сауық-кештері (ДШС)

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар санаты	Мерзімі	Жауапты	
1	«Дені сау бала болашақ жемісі»	Эстафеталық ойындар	«Құлыншақ», «Айгөлек» топтары	қыркүйек	Топ тәрбиешілері	
2	«Спорт бұл мен және көңілді достарым»	Спорттық сайыс		қазан	Топ тәрбиешілері	
					Топ тәрбиешілері	
					Топ тәрбиешілері	
3	«Көлік жүргіншілері»	Жарыс		қараша	Топ тәрбиешілері	
		Топ тәрбиешілері				
4	«Бізде де бар толағайлар»	Эстафеталық ойындар			Топ тәрбиешілері	
5	«Аққала жасаймыз»	Жарыс		желтоқсан	Топ тәрбиешілері	
					қаңтар	Топ тәрбиешілері
6	«Көңілді күлдіргіштер»	Ойын сауық		ақпан	Топ тәрбиешілері	
					Топ тәрбиешілері	
7	«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»	Эстафеталық ойындар		наурыз	Дене шынықтыру нұсқаушысы топ тәрбиешілері	
					Топ тәрбиешілері	
8	«Көңілді эстафета»	Ойын сауық		сәуір	Топ тәрбиешілері	

			«Құлыншақ», «Айгөлек» топтары		Топ тәрбиешілері
9	«Велосипедт ер мен жарыс»	Спорттық сайыс		мамыр	Топ тәрбиешілері
					Топ тәрбиешілері

4.Режимдік сәттер (РС)

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар санаты	Мерзім і	Жауапты
1	Ертеңгілік жаттығу	Бақылау	Барлық топ	Қазан	Медбике: Әдіскер:
2	Таза ауадағы серуен	Бақылау	Ортаңғы,ересек -мектепалды топтары	Ақпан	Медбике: Әдіскер:
3	Ұйқыдан тұру жаттығулары	Бақылау	Барлық топ	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер

5.Рационалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру (РТТ)

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар ар санаты	Мерзімі	Жауапты
1	Тамақтану нормаларының орындалуы	Жыл бойы	Барлық топтар	Қыркүйек	Директор Диетбике
2	Тамақтануды ұйымдастыру	Бақылау (ӨЖ)	Барлық топ	Қараша	Меңгеруші Диетбике
3	Күнделікті дайын өнімнің сынамасын алу, сапасын тексеру, ас мәзірін құрастыру.	Жыл бойы	Барлық топ	Наурыз	Меңгеруші Диетбике

Медициналық-педагогикалық бақылау (МПБ)

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар санаты	Мерзімі	Жауапты
1	Балалардың жеке гигиенасының тәртібінің сақталуы	Бақылау	Барлық топ	Қараша	Меңгеруші Медбике:
2	Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы	Бақыла (ӨЖ)	Барлық топтар	Сәуір	Меңгеруші шаруашылық меңгерушісі

2.16 Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас: Бұл бөлімде тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің)

психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жоспарланады (ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар және т.б.):

1.Ата-аналармен өзара ықпалдастық жиналыстар

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аталар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№ / Айлар	Жүргізілетін жұмыс түрлері мен мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	1.Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, ата-аналарға кеңес беру. 2.Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу. Тақырыбы: «Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары». -Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру. -Топ тәрбиешілерімен таныстыру. - Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту. 3. Кеңес беру: «Балабақшадағы адаптация»	Меңгеруші, Әдіскер, Тәрбиешілер, Медбике
Қазан	1. Мектепалды даярлық және ересектер қазақ топтарымен жұмыс іс-шаралары. 2. Ата-аналарға арналған ашық есік күндерін ұйымдастыру.	Әдіскер, Тәрбиешілер
Қараша	1. Педагогикалық лекторий: «Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлі». 2. Жеке кеңес беру жұмыстары.	Тәрбиешілер, Психолог
Желтоқсан	1.Жаңа жылдық мерекені өткізу (Ата-аналардың қатысуымен). 2.«Қысқы қиял» атты бірлескен шығармашылық көрме ұйымдастыру.	Тәрбиешілер, Ата-аналар
Наурыз	1. Мерекелік ертеңгіліктер: «Алтынсың ғой, Анашым» (ата-аналардың қатысуымен). 2.Көктем мерекесін ұйымдастыру және өткізу (8 наурыз, 22 наурыз).	Тәрбиешілер, Әдіскер
Сәуір	1.«Дені саудың-жаны сау» атты ата-аналармен бірлескен спорттық эстафета. 2. Балалардың денсаулығы мен гигиенасы бойынша медбикенің кеңесі.	Тәрбиешілер, Медбике
Мамыр	1.Жалпы ата-аналар жиналысы. Тақырыбы: «Бала біздің- болашағымыз». 2.Кеңес беру: «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру».	Әдіскер, Тәрбиешілер, Медбике, Меңгеруші

2.Ата-аналарға кеңестер

Кеңес беру Ақыл – кеңес Ойын – жаттығу Мамандардан жекеленген кеңестер	Қаңтар	Топ тәрбиешілері Кеңес беру пункті мамандары
Музыкалық сағат Кеңес Жаднама Мамандардан жекеленген кеңестер	Мамыр	Саз жетекшілері Тәрбиешілер Педагог – психолог Кеңес беру пункті мамандары

3. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар

№	Ата-аналармен жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Отбасы күніне арналған «Әкем, анам және мен» суреттер көрмесі «Отбасыммен өткізген бір күн» челлендж	қыркүйек	Әдіскер, топ тәрбиешілері пән мұғалімдері
2	«Алтын күз» меркекелік іс-шара көрме ұйымдастыру «Ананың аялы алақаны» челлендж	қазан	Әдіскер, топ тәрбиешілері пән мұғалімдері
3	«Менің құқықтарым-менің міндеттерім» дөңгелек үстел «Балаларды қорғау күні» танымдық шара	қараша	Әдіскер, топ тәрбиешілері пән мұғалімдері
2	«Жапырақ тамырдан нәр алады» зияткерлік ойын «Бірлік және ынтымақ» тренинг	Желтоқсан	Әдіскер, топ тәрбиешілері пән мұғалімдері
3	«Ұшқыр ой алаңы» психологиялық сауалнама «Заң және бала құқығын қорғау» сұхбат	қаңтар	Әдіскер, педагог-психолог
4	«Талап, тәртіп, ереже» қауіпсіздік ережелері жаднама «Өнерліміз, өркенбіз» қол бұйымдар көрмесі. Қол бұйымдарының көрмесі Челлендж, Акция	ақпан	Әдіскер, Тәрбиешілер
5	«Ізгіліктің бір ізі-алғыс» мерекелік ашық хат «Өмірге салауатты қара» спорттық іс-шара	наурыз	Әдіскер, Тәрбиешілер
6	«Түлектердің ағаш егуі» Акция ағаш, гүл отырғызу «Мамандықтар марафоны» танымдық шара	сәуір	Әдіскер, Тәрбиешілер
7	«Әжемнің ертегілері», «Атамның өсиеті», «Әкелер мен аналар мектебі» үйірмелер жұмысы қорытындысы.	Мамыр	Әдіскер, топ тәрбиешілері пән мұғалімдері

	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы. Суреттер, фотосуреттер көрмесі		
	Балаларды мектепке шығарып салу іс-шарасын бірлесе ұйымдастыру		

Балалармен бірлескен іс-шаралар

Р/с	Жұмыс мазмұны	Іске асыру түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Білім күні»	мерекелік шара	қыркүйек	Топ тәрбиешілері, қазақ тілі мұғалімі, пән мұғалімдері
2	«Қазақ тілім – болашағым ертеңім!» «Менің отбасым»			
3	«Менің Қазақстаным» «Еңбек түбі береке» «Біз еңбекқор баламыз»	мерекелік ша ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, бірлескен іс- әрекеттер	қазан	Топ тәрбиешілері, пән мұғалімдері
4	«Күз жомарт» «Берекелі - Алтын күз» «Білім - асыл қазына тәрбие тал бесіктен» «Озық ойлы бала» мәнерлеп оқу	көрме, танымдық шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, әдеби кеші мәнерлеп оқусайысы	қазан	Топ тәрбиешілері
	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту «Адалдық пен әділдік» «Мейірімділік - менің әлемім» «Достық және мен»	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар Мультфильм қарау Әңгіме сабақ Сахналық қойылым Танымдық ойын	қараша	Топ тәрбиешілері

5	«Республикам – мақтанышым!», «Тапқыр болсаң озып көр». «Біз біргеміз» «Жаңа жыл»	Іс- шара Интеллектуалд-ық ойын әңгімелесу көрме	желтоқсан	Топ тәрбиешілері
	«Қыс қызықтары»			
6	«Ұшқыр ой алаңы» «Заң және тәртіп» «Балабақша мен үйдегі қауіпсіздік» Сенімді ересектер: кімнен көмек сұрауға болады? «Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (ересек топ балалар үшін) «Біз - экологпыз» «Қауіпсіз серуен» «Табиғаттағы қауіпсіздік»	Зияткерлік ойын Рөлдік ойын Ұйымдасырылған іс-әрекеттер Әңгімелесу Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет Экскурсиялар, саяхаттар	қаңтар	Топ тәрбиешілері,
7	Ұлттық үстел үсті ойындары «Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз», «Киіз үй» «Ұлттық мәдениет» «Аналар асыл қазына» «Бауырсақ-party» «Наурыз – құт-береке бастауы!» «Еңбектің наны тәтті» «Отбасында бәрі еңбектенеді» «Бірге еңбектенеміз»	Үстел үсті ойындары Көрме Ойындар шеруі мерекелік-іс-шара Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	ақпан	Топ тәрбиешілері музыка жетекшісі
			наурыз	Топ тәрбиешілері,
				тәрбиешілері ,пән мұғалімдері
	«Ғарыш әлемінде» «Шын жүректен кітап сыйла» « Халықаралық балалар кітабы күні» «Еңбегі адал- жас өрен» «Мобильді кітапхана» «Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында балалар мен ата-аналарды кітап оқуға баулу	Челлендж Іс әрекет «Үздік кітап бұрышы» Сюжетті-рөлдік	сәуір	пән мұғалімдері

	«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары	ойындар		
8	«Достығымыз жарасқан» «Әлем балалар көзімен» «Әкем-мақтанышым!» «Жеңіс күнін тойлаймыз» Дос болайық бәріміз» «Достық әлемі» «Адал дос» «Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті» «Туған жердің тарихымен танысу» «Қош бол, бақшамыз»	Балалар суретінің көрмесі Асфальттағы суреттер байқауы мерекелік іс-шара, көріністер, Сюжетті-рөлдік ойын Иллюстрациялар Мұражайларға саяхат	мамыр	Топ тәрбиешілері, пән мұғалімдері

2.17. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет

2.18. Бақылау: Бақылау түрлері мен мазмұны

Бұл бөлім мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы бақылау-диагностикалық қызметімен байланысты және ішкі бақылау жүйесі ретінде ұсынылады. Мұнда бақылаудың түрлерімен нысандары жоспарланады (шұғыл, тақырыптық, кешенді, фронтальды).

№	Бақылау мазмұны	Бақылау мерзімі	Бақылау қайда талданады	Жауаптылар
1	Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау.	Тамыз	№1 пед. кеңес	Әдіскер
2	Тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарының дайындығы	Қыркүйек	№1 ӘК-ТБ	Әдіскер
3	Мектепке дейінгі білім беру ұйымында инновациялық технологияларды қолдану	Қараша	№2 ПК-КБ	Әдіскер
4	Мектеп жасына дейінгі баланың салауатты өмір салтына деген құнды қатынасын қалыптастыру.	Қаңтар	№3 ПК-СБ	Әдіскер
5	Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары	Қаңтар	№2 ӘК-ТБ	Әдіскер

6	Күннің II жартысындағы балалармен жұмысты бақылау	Ақпан	№4ПК -ТБ	Әдіскер
7	Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі	Наурыз	№3ӘК-ТБ	Әдіскер
8	«Серуен кезіндегі түрлі ойын әрекеттерінің ұйымдастырылуы»	Сәуір	№5ПК-ФБ	Әдіскер

Меңгеруші жанындағы кеңес

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1. Денсаулықты сақтау және нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру 2. Жылыту маусымына дайындық 3. Педагогикпшылық әдеп мәселелері туралы ақпарат	Әдістеме лік көмек	09.24	Меңгеруші Әдіскер Мед.бике. Шар. меңгерушісі
2	1.Халықтың эпидимиялық қолайсыздығы кезеңінде балабақшадағы тұмаудың алдын алуы. 2.Тамақтану режимі мен тамақтану жағдайларының жас және гигиеналық талаптарға сәйкестігі. 3. Балабақшадағы топтардың санитарлық жағдайы.	Талдама	11.24	Меңгеруші Медбике
3	Барлық топтары бойынша пән мұғалімдерінің жұмысын бақылау «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырылуы	Бақылау	02.25	Меңгеруші
4	2024- 2025 оқу жылына есеп беру	Талдама	05.25	Меңгеруші
	Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары			Медбике
	Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары			

Өндірістік жиналыста

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1.Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы. 2. Жаңа оқу жылына балаларды оқыту – тәрбиелеуге дайындауда бөбекжайдың жабдықталуы мен әзірлігі 3. Ата – аналар жиналыстарын жоспарлау және өткізу 4.Бөбекжайдың санитарлық – гигиеналық	Отырыс	10.24	Меңгеруші Медбике

	талаптарының сақталуы			
2	1 Балалардың өмірін қорғау нұсқауларымен таныстыру. 2. Төтенше жағдайлар және өрттен сақтану нұсқаулықтарымен таныс	Кеңес	01.25	Медбике әдіскер шаруашылық меңгерушісі
3	1. Қызметкерлердің жазғы сауықтыру мерзімімен жұмыс жоспарымен таныстыру. 2. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережелерін сақтау. Күн тәртібін орындауы жөнінде есеп беру. 3. Балабақша қызметкерлерінің өз орнында қауіпсіздік ережелерін бұзбауы. 4. Жыл бойы жасалған шаруашылық меңгерушісінің есеп беруі.	Отырыс	04.25	Медбике Шаруашылық меңгерушісі